

A.B. БАЕШОВ, З.К. АСАБАЕВА, С.А. БАЕШОВА, Б.Ю. НӨГЕРБЕКОВ

## КОМПОЗИЦИЯЛЫ КҮКІРТ ЭЛЕКТРОДЫНЫҢ НАТРИЙ ГИДРОКСИДІ ЕРІТІНДІСІНДЕГІ ЭЛЕКТРОХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТІ

Сілтілі ортада ток өткізетін композициялы күкірт электродының катодты қасиеттері алғаш рет зерттелді. Катодты поляризацияланған күкірттің – сульфид ( $S^{2-}$ ) және полисульфид ( $S_n^{2-}$ ) иондарын түзе тотықсызданатындығы аныкталды. Сульфид иондарының түзілуінің ток бойынша шығымына әртүрлі электрохимиялық параметрлердің әсері зерттелді.

Бұрынғы кездерде, элементті күкірт – көмір-ге, мұнайға, экке, ас тұзына қарағанда өндіріске, халық шаруашылығына қажетті негізгі химиялық шикізаттың бірі болып табылатын [1,2]. Күкірт химия өнеркәсібінде – күкірт қышқылын өндіруде, сірінке жасауда қолданыс тауып жүр. Резинаның төзімділігін, серпімділігін арттыру үшін, элементті күкіртті косу арқылы кау-чукті вулканизациялады. Күкірт медицинада тері ауруларына қарсы дәрі жасауда, ауылшаруа-шылығында жүзім, макта зиянкестерін құртуға қолданылып жүр. Ал қазіргі күні, мұнай өндіру кезінде, жанама өнім түрінде күкірт өте көп мөлшерде бөлініп, қолданыс таптай қалдық түрінде жинақталып қалып қойып отыр. Сол себепті, күкірттің өндіріске қажетті әртүрлі қосылыстарын алушың қаралайым әдістерін жасаудың практикалық маңызы өте зор. Күкірттің физика-химиялық қасиетін жан-жақты зерттеу, күкірттің қосылыстарын алушың теориялық негізі болып табылады.

Элементті күкірт диэлектрик, ток өткізбейді және суда ерімейді, сондыктan оның электрохимиялық қасиеті өте аз зерттелген. Күкірттің электрохимиялық қасиеті органикалық ортада аздап болса да қарастырылған [3].

Күкірттің бейорганикалық қосылысы – натрий сульфиді, түсті металдар рудаларын байыту кезінде флотореагент ретінде кеңінен қолданыс тауып жүр. Сол себепті бұл жұмыста электрохимиялық әдіспен күкірттен, күкірт сульфидін алу тәсілдері жан-жақты қарастырылды.

Жұмыстың негізгі мақсаты: ток өткізетін композициялы күкірт электродының, сілтілі ортадағы катодты электрохимиялық қасиеттерін зерттеу және оның сульфидті қосылыстарын алу.

Электрохимиялық зерттеу әдісі МК-40 катионитті мембраннымен электрод кеңістіктері бөлінген арнаулы шыны электролизерінде гальваностатикалық жағдайда жүргізілді.

Біздін бұрынғы ғылыми еңбектерімізде [5] композициялы күкірт-графит электродын дайындау әдісі ұсынылған болатын. Бұл электродтың құрамына


қажетті графит – өте қымбат материалдардың бірі. Біз графиттің орнына өндіріс қалдығы болып табылатын модифицирленген көмір қалдығын қолдануды жөн көрдік.

Электродтарды дайындау үшін құрамында ток өткізетін компонент бар модификацияланған көмір ұнтағымен (ноу-хай) күкірт ұнтақтарын 50:50 (масс.%) жақсылап араластыра отырып, 110–120 °C дейін балқығанша қыздырып, белгілі бір формаға келтіріп, қатты қүйге енгенше бөлме температурасында салқындалады. Композициялы күкірт электродын дайындауда күкірттің мөлшері шектен тыс арттырылса, онда бұл электродтың ток өткізгіштігі нашарлайды, себебі күкірт-диэлектрик нәтижесінде бүндай композициялы қосылыс электрод ролін атқара алмайды.

Сондай-ақ композициялы күкірт-электродын катодты поляризациялау кезіндегі еруіне, негізгі электрохимиялық параметрлер – ток тығыздығы, сілті концентрациясы, ерітінді температурасы және электролиз ұзақтығына әсері зерттелді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендегі, сілтілі ерітіндіде катодты поляризациялау кезінде күкірт-электродының карынды еруі байқалады. Композициялы күкірт электродының катодты тотықсыздануы кезінде электрод кеңістігіндегі электролит сары-қызыл түске боялады, бұл ерітінді құрамында полисульфид-иондарының бар екендігін көрсетеді және мынадай күкірт гомотізбектің түзілуімен түсініріледі -S-S-S-...-S. Ерітіндінің түсінің қарындылығы, полисульфид-иондары құрамында адатомды күкірттің болуымен түсініріледі. Электролиз жүру кезінде, элементарлық күкірт полисульфид-иондарын түзе тотықсыздандады:



Полисульфид-иондары ары қарай тотықсыздандып, моносульфид-иондарына дейін тотықсыздана алады:



Электролиз нәтижесінде түзілген күкірт иондарына анализ жүргізіліп отырылды [4]. Сульфид-және полисульфид-иондарын анықтау үшін 250 мл көлемді конус колбаға 50-100мл алдын ала нейтралданған ерітінді құйылды. Оған 10 мл глицерин қосып, 150 мл-ге дейін дистилденген сумен сұйылтылды. Соңан соң, 20мл мырыш карбонаты суспензиясын қосып, фильтрленді. Фильтрдегі тұнба ыстық сумен жуылды, 200 мл көлемді өлшеуіш колбада фильтрат сұтылып, дистильденген сумен сұйытылды. Ерітіндідегі сульфид-ион йодометриялық әдіспен анықталды. Анализ келесі реакция бойынша анықталады:




Фильтрдегі тұнбаны 250 мл колбаға салып, 25-30 мл 0,1 н йод ерітіндісін қосып, 5 мл тұз қышқылмен қышқылдайды. Фильтрді шыны таяқшамен арапастырып, крахмал қатысында натрий тиосульфатымен түссізденгенше титрлейді. Ал полисульфид-иондарын анықтау үшін зерттелінетін ерітіндін 10 минут 50-60 °C-ка дейін қыздырады. Фильтратқа 5 мл 40%-ті формальдегид және 10 мл 10 %-ті сірке қышқылын қосып, 1-2 мл 0,5 % крахмал қатысында йод ерітіндісімен көк түске өткенше титрлейді.

Катодтағы ток тығыздығының сульфид-иондарының түзілүнің ток шығымына әсері 50-300A/m<sup>2</sup> интервалында, бөлме температурасында, 1M NaOH ерітіндісінде жүргізілді (1-сурет). Сульфид- және полисульфид-иондарының ең жоғарғы ток бойынша шығымы тәменгі ток тығыздықтарында байқалады. Ток тығыздығының артуы, сульфид- және полисульфид-иондарының түзілүнің ток бойынша

шығымын тәмендетеді. Күкірт электродындағы ток тығыздығы 50A/m<sup>2</sup> болғанда сульфид- және полисульфид-иондарының түзіліу сәйкесінше 874% және 420%-ға, ал 300A/m<sup>2</sup> токтығыздығында – 276% және 116,5%-ға тең.

Сульфид-иондарының түзілүнің ток бойынша шығымын 100%-дан асуы күкірт пен гидрок-сидиондарының әсерлесуі арқылы іске асады, демек диспропорция реакциясының [6] орын алуымен түсіндіруге болады:




Диспропорция реакциясы негізінде түзілген моносульфид-иондары, элементті күкірт адатомдарымен әсерлесіп, полисульфид-иондары түзіле алады:




Катодты поляризация кезінде (4), (5) химиялық реакциялардың жылдамдығының күрт өсіуі байкалады. Бұл құбылысқа біз алғаш рет назар аударып отырмыз.


Электролиз процесіндегі сульфид- және полисульфид-иондарының түзілүнің ток бойынша шығымына натрий гидроксиді концентрациясының әсері 2-суретте көтірілген. 1-5 M сілті концентрациясында электролиз жүргізгенімізде, композициялы күкірт-электродындағы полисульфид-ионның түзілүнің ток бойынша шығымының ең тәменгі мәні 1M NaOH ерітіндісінде байкалады. Сілті концентрациясы ұлғайған са-йын сульфид- және полисульфид-иондарының түзілүнің ток бойынша шығымы сілті ерітін-дісінің концентрациясы өскен сайын жоғарылайды. Сульфид-иондарының ток бойынша шы-




1-сурет. Композициялы күкірт электродының сульфид-иондарын түзе еруінің ток бойынша шығымына ток тығыздығының әсері: 1 –  $S^{2-}$ ; 2 –  $S_n^{2-}$  ( $C_{NaOH} = 1M$ ,  $\tau = 0,5$  сағ.,  $t = 20^\circ C$ )



2-сурет. Композициялы күкірт электродының сульфид-иондарын түзе еруінің ток бойынша шығымына натрий гидроксиді концентрациясының әсері: 1 –  $S^{2-}$ ; 2 –  $S_n^{2-}$  ( $i_s = 100 A/m^2$ ,  $\tau = 0,5$  сағ.,  $t = 20^\circ C$ )



3-сурет. Композициялы күкірт электродының сульфид-иондарын түзе еруйнің ток бойынша шығымына электролиз ұзактағының әсері: 1 –  $S^{2-}$ ; 2 –  $S_n^{2-}$   
( $i_s = 100 \text{ A/m}^2$ ,  $C_{\text{NaOH}} = 1\text{M}$ ,  $t = 20^\circ\text{C}$ )



4-сурет. Композициялы күкірт электродының сульфид-иондарын түзе еруйнің ток бойынша шығымына электролит температурасының әсері: 1 –  $S^{2-}$ ; 2 –  $S_n^{2-}$  ( $i_s = 100 \text{ A/m}^2$ ,  $t = 0,5 \text{ сағ.}$ ,  $C_{\text{NaOH}} = 1\text{M}$ )

ғымының жоғарылауын күкірт электродының гидроксид-иондарымен химиялық әрекеттесу реакцияларының (4), (5) жылдамдығының артуымен түсіндіріледі.

Осы тәжірибелердегі оңтайлы мәндерді пайдалана отырып, электролиз уақытының (0,2-1,5 сағ. аралығында) күкірт электродының тотықсыздануының ток бойынша шығымына әсері зерттелінді (3-сурет).

Күкірттің еруйнің ток бойынша шығымы, 0,2 сағаттан 1,5 сағат аралығында, сульфид-иондары түзе еруйнің ток бойынша шығымы күрт төмендейді (755%-дан 379,7 %-ға дейін). Ал полисульфид-иондарының түзілуінің ток бойынша шығымы электролиз уақыты өсken сайын 300%-дан 324 %-ға дейін өсіп, арықарай төмендеуі байқалады.

Күкірт электродының электрохимиялық еруйнің ток бойынша шығымына электролит температурасының (20-70 °C) әсері зерттелінді (4-сурет). Ерітінді температурасының жоғарылауымен сульфид- және полисульфид-иондарының ток бойынша шығымының жоғарылайтындығы байқалады. Температура 20-70 °C-қа дейін өскенде, сульфид-иондарының түзілуінің ток бойынша шығымы 742%-дан 961,8%-ға дейін, ал полисульфид-иондарының ток бойынша шығымы 430 %-дан 506,1 %-ға дейін өсетіндігін байқауға болады.

Сонымен қорыта айтқанда, катодты поляризация кезінде, күкірттің тотықсызданып, сульфид- және полисульфид-иондарының жоғарғы ток бойынша шығымымен түзе еритіндігі анықталды. Катодты поляризацияланған күкірт электродының гидроксид-иондарымен химиялық әрекеттесу жылдамдығының күрт өсетіндігі көрсетілді.

#### ӘДЕБІЕТ

1. Менковский М.А., Яворский В.Т. Технология серы. М.: Химия, 1985. 327 с.
2. Баев А.Б., Жданов С.И., Тулебаев А.К. и др. Электрохимия серы и ее соединений. Алматы: Фылым, 1997. 160 с.
3. Киселев Б.А., Жданов С.И. Химия сероорганических соединений, содержащихся в нефти и нефтепродуктах. М.-Л.: Химия, 1964. Т.7. С.260.
4. Лурье Ю.Ю. Унифицированные методы анализа вод. М.: Химия, 1973. С. 202-205.
5. Баев А., Мамырбекова А. и др. Способ изготовления сера-графитового электрода. Предпатент РК № 17771.
6. Букетов Е.А., Угорец М.З. Гидрохимическое окисление халькогенов и халькогенидов. Алма-Ата: Наука Каз. ССР, 1975. 326 с.

#### Резюме

Впервые исследовано электрохимическое поведение электропроводного композиционного сера электрода в растворе гидроксида натрия при катодной поляризации. Показано, что продуктом катодной поляризации являются сульфид- и полисульфид-ионы. Изучено влияние различных параметров электролиза на выход по току образования вышеуказанных ионов.

Институт органического катализа  
и электрохимии им. Д. В. Сокольского МОН РК,  
г. Алматы

Поступила 3.12.2007 г.